

ӨОЖ 316. 74:7

Ә.Т. Омарова, А.М. Сұлтанова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: kuralay.avsydykova@kaznu.kz

Визуалды әлеуметтанудың әлеуметтану ғылымының саласы ретінде қалыптасуы

Андатпа. Визуалды әлеуметтанудың теориялық, терминологиялық, әдістемелік базасы қалыптасу кезеңінде тұр. Ол бейнелерді және басқа да объектілерді қоғам мен мәдениетті талдау үшін қолданылады. Мақалада бүгінгі күндегі әлеуметтануда «визуалды әлеуметтанудың» құбылыстарына, теориялық негізін жүйелеуге, әдістемелік тәсілдеріне талдау жасалынады.

Түйін сөздер: семиотика, визуалды әлеуметтану, иллюстрация, импульс, анимация.

Визуалды әлеуметтану фотосуреттерді және т.б. көзге дәл көрінетін объектілерді қоғам мен мәдениетке талдау жасайтын құрал. Қазіргі кезеңде визуалды әлеуметтану әдіс ретінде әлеуметтанудың сапалы әдістерінің қатарына кіреді. Шетелдік кітаптар, монографиялар мен мақалаларда визуалды әлеуметтанудың деректі базасына фотосуреттерді, видеофильмдер, суреттер, сызбалар мен графиктерді жатқызады.

Алғаш рет визуалды материалдарды антропологияда пайдалану ХХ ғасырдың 40-жылдары қолданылған болатын. Ол антропологияның зерттеу объектісінің өркениеттен шалғай жерлерде тұратын ұлыстар мен халықтардың мәдениеті болуымен түсіндіріледі. Ұлттардың рухани немесе материалдық мәдениетін зерттеуде ешқандай мәтіндік құжаттар болмағандықтан бірқатар қиындықтар туындап, зерттеушілер мәселені талдау кезінде видео түсірілімдер мен фотосуреттерді қолданған. Материалды мәдениетті зерттеуде бұл әдісті Г. Бэйтсон мен М. Мид пайдаланған. Әлеуметтануда визуалды әлеуметтануға деген қызығушылық постструктурализм мен семиотика шеңберінде П. Бурдьё, М. Фуко, Р. Барта және т.б. еңбектерінде пайда болды.

Ең алдымен әлеуметтанушылар әртүрлі тарихи оқиғалардың фотосуреттеріне, сонымен қатар фотосуреттер мен биліктің өзара қарым-қатынасына, визуалды қайта таныстыруларда түрлі идеологиялар мен бақылау стратегияларының бейнесіне назар аударды. П. Бурдьё бойынша фотосурет, ең алдымен, әлеуметтік

рөл мен стратификациялық айырмашылықтарды көрсетеді, ал барлық жеке ерекшеліктер маңызды емес болып қалады. Р. Барт семиотикалық ыңғайдың негізін салып, фотосуреттерде көрініс тапқан айырмашылықтарға талдау жасады [1].

Визуалды әлеуметтанудың дамуына үлкен үлес қосқандардың бірі – П. Штомпка [2]. Ол визуалды әлеуметтануға терең талдау жасап, пән саласын нақты анықтаған болатын. Визуалды елестету саласында, яғни арнайы жасалынған суреттерде (мысалы, өнер саласында, жарнама, бұқаралық ақпарат құралдарында) ғана емес, жалпы қоғамдық өмірде көрініс табатын оның визуалды көріністері де жатады.

Визуалды түсініктер мен визуалды көріністер қоғамның визуалды жиынтығын, басқаша айтқанда, «қоғамдық бейнесін» құрайды. Осының өзі визуалды әлеуметтанудың пәні болып табылады. Зерттеу пәні болып тек суретке түсірілгендер ғана емес (фотографиялық бейне немесе визуалды сұлбалар), суретке түсіруге болатын заттар да табылуы мүмкін (қоғамдық өмірдің іштей қабылданатын аспектілері, яғни фотоаппараттың объективіне түсіріп алуға болатын қоғамның визуалды көріністері). П. Штомпка визуалды әлеуметтанудың жеке таным объектісі ғана емес, одан да көп затты, атап айтқанда, қоғамдық өмірді тану құралы болып табылатын фотографиялық бейнеге аса үлкен назар аударады.

Визуалды ақпаратты қолдана отырып, әлеуметтанушы әлеуметтанулық қиялдың көмегімен қоршаған әлеуметтік әлемнің құбылыстары мен

процестерінің мәніне терең енуі мүмкін. Мұндай жағдайда өмірдің бұл көріністеріне талдау жасау мен оның социумға әсері әлеуметтанушыларға әдеттегі әдістердің шегінен шығуға, ең бастысы, әлеуметтік шынайылықты тану мүмкіндігін кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен визуалды әлеуметтану жаңа үлгідегі, жаңа сәндегі сала болып табылмайды. Мысалы, фотосурет визуалды әлеуметтанудың бір компоненті ретінде кейбір жағдайларда ғана қолданылады. Бірақ көптеген әлеуметтанушылар визуалды материалдарды иллюстрациялар, құжаттық растау, мұрағаттық құжаттар ретінде пайдаланып, оларға бөлшекті талдау жасамайды [3].

Жалпы визуалды әлеуметтанудың бастауы фотосуреттермен байланысты екені бәрімізге анық. Алайда фотосуреттермен визуалды әлеуметтанудың байланысып дамуының тарихы қатарласып келе жатқанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Жоғарыда визуалды әлеуметтанудың даму импульстерін атап өттік, енді соларға жеке-жеке тоқталсақ. Алғашқы импульс визуалдық репрезентация мәдениеті түсінігімен батыстың интеллектуалды тарихында терең тамырға ие. Екінші импульс әлеуметтік зерттеулердің әдістері мен техникаларының жетілуімен жүзеге асты. Визуалды әлеуметтануда визуалды әдістерді эмпирикалық жұмыстар ретінде пайдалануда лидерлік позицияны америкалық әлеуметтанушылар иемденді, яғни олар бұл әдістерді PhD бағдарламасы қолданысқа енген кезден бастап қолданып келеді. Соңғы үшінші импульс – қоғамды тұтас организм ретінде адамдардың іс-әрекетін бақылау. Сонымен, бірінші импульсте фотосуреттердің интерпретациясы мен визуалды репрезентациясына деген қызығушылық, батыстың интеллектуалды Ренессансымен байланысты. Көркем сурет тек тарих пен сынды бойына жинап қана қоймай, живопись көрермендердің қызығушылықтары арқылы образдардың методологиясын сомдады. Әлеуметтанушылар халықтың фотосуреттердің интерпретациясына назар аударуы XX ғ. техникалық революцияның басталуымен деп түсіндіреді. БАҚ арқылы адамдардың медиа өнімдерді қолдануға уақыттары көп. Мысалы, газет бетіндегі кез келген фотосурет, анимация арқылы да түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді [4, 147 б.].

1920 ж. маркстік емес тұжырымдамаларда

әлеуметтану интеллектуалды постмодернизмнің әртүрлі сыни теорияларының ықпалында болғанын байқауымызға болады. Вальтер Беньямин (Беньямин 1996 ж.) және Франкфурттiк мектеп, Раймонд Уильямс (Williams 1981 ж.) және Стюарт Холл (Hall 1973 ж.), Ролан Барт (Барт 1997 ж.) секiлдi ғалымдар алғаш мәдениеттiң визуалды құбылыстары деген парадигмаға түсiнiк бердi. Осы авторлардың мақалаларының арқасында әлеуметтiк-эмпирикалық ғылымының көмегiнсiз фотосуреттерге, анимацияларға және т.б. суреттерге интерпретация жасауға мүмкiндiк болды. Фильмдер, танымал телебағдарламалар, ойыншықтар, киiм-кешек, дененi көркемдеу, үй текстилi, дизайн және т.б. заманауи мәдениеттер визуалды әлеуметтану дамуының алғы шегi болды.

Екiншi импульстi қарастырып өтсек – бұл импульс эмпирикалық әдiстердiң кеңейген түрi, визуалды әдiстер ғылыми зерттеулерде фотоаппараттың дамуы секiлдi ұзақ мерзiмдi тарихы бар деп айтсақ қателеспеген болар едiк. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында антропология, физиология, криминология және т.б. пәндер өз идеяларына жету үшiн күн тәртiбiнiң бiр құралы ретiнде адамдарды суретке түсiру мен киносъемка жасауды әдiске айналдырды. Әлеуметтанушылардың иллюстративтi аргументтерi көбiнесе концептуалды диаграммаларда басты ерекшелiктерге назар аударып отырды. Мысалы: «Америкалық әлеуметтанушылар» журналында АҚШ-та әлеуметтiк фотосуреттердi зерттеу дәстүрi бойынша бiрнеше әлеуметтанушылармен жасалынған фотосуреттер басылымға шығып тұрды. Алғаш он бес жыл iшiнде «Америкалық әлеуметтанушылар журналында» фотосуреттер әлеуметтiк реформа сияқты мақалаларда иллюстрациялар секiлдi реформаға дейiнгi және кейiнгi жағдайларды баяндап отырды. Кейбiр фотосуреттердiң қатары қымбат құжаттық құндылықтарға ие болды, мысалы: Чикагоның тұрғын үйлерге жағдай жасау фотосуретi. Өйткенi 1914-1915 жж. визуалды материалдар тұрған үй мәселелерiн айқындап отыруға көмектестi. 1914 ж. «Америкалық әлеуметтанушылар» журналында ерекше өзгерiстер толқыны орын алды, яғни Альбион Смолл басшылыққа тұрған кезде лидерлiк позиция бихевиористер қолына енедi. Жаңа редактор визуалды тiлдi әлеуметтанушылар

қажет етпейтін деллантизм үлгісі деп таныды. Ғылым болу үшін физика мен биология жеткілікті деген нақты шарттар қойды. 1915 жылдан бастап фотосуреттер алынып тасталып, орнына статистикалық негіздемелері бар мәліметтер ене бастады. Сол кезде фотосуреттер тек танымал адам өмірден озғанда ғана, өмірден озған адамның суретін көрсетуде қолданылды.

Көптеген мақсаттарын жүзеге асыруда әлеуметтанушылар фотосуреттердің қажеттілігіне аса мән бере қойған жоқ. Тек 1974 ж. Говард Беккердің «Фотосуреттер және әлеуметтану» деген еңбегінде визуалды әлеуметтану жайлы сын-пікірлер жан-жақты қаралды. Бұл кітаптың өзгешелігі мұнда автор әлеуметтанушы мен фотографты екі әлеуметтік фактілерге ұмтылған желі ретінде бір-біріне қарама-қарсы етіп қояды. Осы арада Говард Беккер өзінің идеясында фотосуреттерді әлеуметтанушының қолындағы құрал ретінде санайды, яғни фотосурет мәселені шынайы анықтайды, камера немесе интервью болсын шынайылыққа жетелейді, «фотосуретпен әлеуметтану екеуі бір күнде дүниеге келді, себебі Конттың 1839 ж. ғылыми теориясын және Дагердің металл пластинкаға суреттерді бейнелеу жаңалығын қарастыратын болсақ, екеуінің ғылыми бағыты қоғамды зерттеу, сондықтан да екеуі қарама-қарсы емес, қатар жүретін құбылыс» деген тұжырымға келеді. Расында да логикалық оймен терең зерделесек, фотосуреттер қоғамның тірідей тарих көзі, ол – толқулар мен өзгерістерді объективке ендіріп мұрағаттайтын таптырмас құралдардың бірі.

Мораль мен метафизика заңдылықтарын ысырып қоятын болсақ, әлеуметтанудың қоғамның картасын дайындауға бағытталғанын аңғарамыз, мысалы: қоғам қалай қызмет етіп жатыр, бұзылулар мен түзетулер орын алдыма т.с.с. Әлеуметтанушылар іске кіріспес бұрын, алдымен, зерттеу әдістерін таңдайды, зерттеу жұмыстары қоғамның өзекті деген мәселелеріне бағытталады және бұл мәселелер үкімет тапсырмалары бойынша жүзеге асады: кедейлік, нашақорлық, эмиграция, университетте, мектепте, колледжде орын алатын жанжалдар немесе гетто және т.б. Ал фотографтардың қызметі әртүрлі, олар жарнамамен жұмыс жасайды, бай адамдардың бейнесін құрайды, орташа, кедей таптармен жолығады, газет-журнал беттеріне иллюстрациялар ойлап табады, музейлерге кол-

лекциялар жинайды. Фотосуреттер жасаудың маңызы – ортақ адамдардың тұрмыс-тіршілігін бақылау. Фотосуреттер пайда болысымен қоғамды бейнелеу үшін қолданылып келеді. Алғашында, фотографтар географиялық жойылып кеткен аймақты кейінгі ұрпақтар көрсін деген мақсатпен камераны пайдаланды, кейіннен болашақ ұрпақтарға құр суреттің керек еместігі айқындалып, фотографтар әлеуметтанушылардың көмегіне сүйенді, фотосуреттермен қатар фотосуреттердің әлеуметтік интерпретациялануы ғылымға жүйеленді. 1920 ж. Еуропада иллюстративті күнделіктердің дамуына байланысты фотографтармен жасалынған фото-очерктер мен фоторепортаждар әлеуметтік талдау жасауға септігін тигізді. Фотографтар саяси фрагменттерді аулады, субмәдениет, институттар, әртүрлі ұйымдардың іс-әрекеттерін әлеуметтанушылардың назарын аудару үшін қолданды. Осындай тақырыптардағы очерктер жарияланып, мықты фотограф және мықты зерттеуші-аналитик деген атақтар берілген болатын.

Фотосуреттер әлеуметтану секілді өнер сферасында коммерция мен журналистикадан жоғары тұрды, әлеуметтану академиялық ғылым деңгейіне көтерілгендіктен, жан-жақты дамыды, саясатқа үнемі араласып отырды, ал фотосуреттер шығармашылық деңгейді бірқалыпта сақтады. Ары қарай Г. Беккердің мақаласында адамға теориялық идеялардың жақсы нәтиже беретіндігі жайлы бақылаған болатын, фотоға түсіруші адам белгілі бір назар аудартуларға ие болады, әлеуметтік идеяларды мүсін ретінде түсіндіреді. Фотограф және әлеуметтанушы екеуі де ортақ мәселені бір бағытты қарастырады, яғни синтетикалық бағыттың іргетасын қалаушылар. Әлеуметтанушылар арасында визуалды образдарға қызығушылық 1970 жылдың ортасынан басталды, визуалды әлеуметтану жайлы бірнеше кітаптар мен брошюралар таратылды. 1972 ж. Бостон университетінде Александр Блюменстайл және Кларисса Стац-Штольдің басшылығымен «Видеоәлеуметтану» деген журнал ай сайын жарық көріп тұрды. АҚШ әлеуметтанулық базасында визуалды әлеуметтанудан емтихандар жыл сайын өткізілді, сонымен қатар ол Еуропада иығын кеңге созып дамыды, Францияда «sociologie de l'image» деген атпен, «Medienwirkungsforschung» деген есіммен Германияда таралды [4, 160 б.].

1970 ж. бастап визуалды зерттеулерде бұрылыс кезеңі анықталды, ауқымды материалдар, яғни психология, антропология, деректі фильмдер өздерінің артықшылықтарымен көзге түсті. Эмпирикалық визуалды әлеуметтанудың шарықтап дамуы Маргарет Мид және Грегори Бэйтсонның Балиде түсірілген этнографиялық киносы, Джона Коллиера және Малкольма Коллиераның өңдеулерімен тікелей байланысты. Фотосурет пен фильм қажетті фрагменттерді аулайды, яғни қоғамда туындаған мәселелерді бірнеше уақыт өткеннен кейінде тірі күйінде көрсете береді. Камераның, фотоаппараттың диапазон көлемі жоғары, олар адам есінде қалмаған, адам көрмеген деректерге тез жетеді. Жоғарыда айтылған ғалымдар камераның қуаттылығын, ерекшеліктерін айтып кеткен болатын.

Визуалды әлеуметтанудың жеке пән ретінде пән аралық шекарасын анықтайын көптеген концептуалды құрылымдар дүниеге келіп жатыр. Майкл Эммисон және Филипп Смит визуалды зерттеушілер бақылау әдісінің жаңа заманғы түрлерін иемдену керектігін дәлелдеген. Олардың ғылыми зерттеулерінің басты принципі бақылау өнеріне арналған. Көптеген визуалды әлеуметтанушылар суреттерді бақылау әдісінің жаңа түрі ретінде қарастырады. Ал кейбіреулері бақылау әдісі сияқты көптеген техникаларды дамытады десе, енді біреулері қоғам мәдениеті мен өнімі үшін анализ жасайтын бірден-бір құрал деп түсіндіреді.

Бүгінгі таңда шетелдік әдебиеттерде визуалды әлеуметтану әлеуметтанудың жеке бір бағыты ретінде қалыптасуда: жеке пәндер, курстар, семинарлар жүргізіледі, ғылыми журналдар шығарылып, конференциялар өткізілуде; бірақ визуалды әлеуметтанудың толыққанды қалыптасуы мен институционализациялануы туралы айту әлі ерте. Бұл бағыттың қалыптасуына қандай да бір әлеуметтік мәселені зерттеуде сапалы әдістерді терең қолдану мен оның дамуы түрткі болған. Мысалы, бақылаудың, фокус-топтың, терең сұхбат жүргізудің бірнеше

түрлерін қолдану талдау мен түсіндіруді талап ететін фотосуреттер, видеоақпараттар мен сызбалардың пайда болуына әкелді. Әлеуметтік мәселелерді зерттеуде сапалы әдістерді қолдану ақпарат берушіден мәлімет алудың видео талдау сияқты формалары мен әдістері бар түрлі эксперименттерге және талдаудың жаңа түрлеріне алып келді.

Мұнда тағы бір айта кететін жағдай, визуалды әлеуметтанудың дамуының негізгі факторларына XIX ғасырда фотосуреттердің, XX ғ. 80-жылдарындағы цифрлік видеокамералардың пайда болуы, ал бүгінгі таңда визуалды бейнелерді қалыптастыруда мобильді телефондар үлкен рөл атқаруда. MMS хабарламаларының арқасында мобильді телефон иелерінде өзінің ұялы телефондарына тек мәтіндерді ғана емес, сонымен қатар графика, музыка және видеоларды жіберіп, қабылдау мүмкіндіктері туады. Ақпараттық сауаттылық пен интернет технологияларының дамуы қолданушыларға шынайы өмірден тыс «виртуалды кеңістіктерді» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интернетте адам өзіне шынайы өмірден басқаша, жаңа имидж жасап, өзін басқаша қырынан ұсынуы мүмкін. Мұндай жаңа онлайндық бейнені бірінші кезекте жастар игереді.

Әдебиеттер

1 Сергеева О.В. Исследовательское поле визуальной социологии // Социология и социальная антропология. – 2008. – Том XI, №1. – С. 136-146.

2 Штомпка П. Визуальная социология. Фотография как метод исследования. – М.: Логос, 2007. – 168 с.

3 Миллс Ч. Социологическое воображение / пер. с англ. О.А. Оберемко. – М.: Издательский дом «Nota Bene», 2001.

4 Захарова Н.Ю. Визуальная социология: фотография как объект социологического анализа // Социология и социальная антропология. – 2008. – Том XI, №1. – С. 147-161.

А.Т. Омарова, А.М. Сұлтанова
Визуальная социология как одна из отраслей социологической науки

Визуальная социология находится на стадии формирования теоретической, терминологической, методической базы. Она использует изображения и другие зрелищные объекты, чтобы анализировать общество и культуру. Статья представляет собой попытку анализа явления «визуальной социологии» в социологии сегодняшнего дня, систематизации теоретических основ, обзора методических приемов.

Ключевые слова: семиотика, визуальная социология, иллюстрация, импульс, анимация.

A.T. Omarova, A.M. Sultanova
Visual sociology as one of the branches of sociology

Visual sociology is at the stage of formation theoretical terminology logical, methodical base. It uses images and other spectacular objects to for analyze the society and culture. The article is an attempt to analyze the phe-nomenon of “visual sociology” in sociology today, systematic theoretical basis, the review of techniques of research.

Keywords: semiotics, visual sociology, illustration, momentum, animation.